

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

SMART технология

ЖАРИЯЛАНДЫ
25.11.2022СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/126922/>

Авторы: Миниязова Ноила Юсупжановна & Бекжан Нұрбала Ғалымжанқызы

XXI ғасыр — ақпараттық технологиялар адам өмірінің ажырамас бөлігіне айналған ғасыр. Бүгінгі жаһандану заманында қоғам жалпы цифрландыруға көшіріліп, адамдар құрылғылардың көмегімен көптеген жетістіктерге жетуде. Сонымен қатар адам санасы да біршама өзгеріп, жаңа қоғамға қарай нық адымдап келеді деп сеніммен айтуға болады. Елбасымыз да өз жолдауында: «Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс»-деген болатын.

SMART технология – бұл барлық қолда бар ақпаратты жинақтауға, қолайлы жұмыс мерзімдерін белгілеуге, ресурстардың жеткіліктілігін анықтауға мүмкіндік беретін заманауи тәсіл. Оның көмегімен көптеген проблемалардың алдын алып, өмір сүру деңгейін біршама жақсартуға болады. Ақпараттар легі артқан сайын кез келген қызмет түріне де сұраныс артады. Сұраныстарды қанағаттандыру үшін әрдайым стартап бағдарламалар қажет. Ал ол өз кезегінде смарт технологиялардың көмегімен жүзеге асырылады. Міне, бұл үздіксіз жүріп жататын процесстер паутинасы. Осылайша, E-learning орнына SMART-learning келуі, ақпараттық қоғам орнына «smart қоғам» қалыптасуы біздің елімізде де күтілуде. Қазіргі таңда Smart технологиясын өндірушілер – АҚШ, Канада, Оңтүстік Корея елдері. SMART фон, SMART қала немесе SMART құрылғы сияқты бүгінде халық арасында жиі қолданылып жүрген сөздердің шығуы осы өндіруші мемлекеттермен тығыз байланысты. Ал Қазақстан дамушы мемлекет ретінде, аталмыш жаңалықтарды игеріп, тәжірибесін арттыруда. Ең басты алға қойылған мақсат — барлық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, халық игілігіне айналдыру. Осы мақсатта көптеген жұмыстар атқарылуда.

Тіптен қазіргі заманғы білім беруді дамыту үшін адами капиталдың әсері жеткіліксіз. Білім беру ортасын алмастырып қана қоймай, еңбек ресурстарының, яғни көлемін арттыру ғана емес, оның мазмұнын, әдістерін, құралдары мен ортасын сапалы түрде

өзгерту қажет. Сонда ғана білікті кадрларды әзірлеп шығуға мүмкіндік бар. Ол үшін жаппай смарт технологияларға көшу қажеттілігі туады. Қажеттілікті тудыратын да, оны қанағаттандыратын да — қоғам.

Қалада «ақылды» технологияларды енгізу мемлекет пен бизнес тарапынан да, тұтынушы тарапынан да айтарлықтай қаржылық шығындарды талап етеді. «Ақылды» технологияларды енгізу үшін нормативтік базаны қалыптастыру қажет. Соның негізінде жоғары білім беретін мекемелерден бастап жұмыс жасаған жөн. Себебі, жастар тез қабылдағыш келеді, сонда қорытынды нәтиже алу оңайға түседі.

Білім беру бөлігіндегі Smart тұжырымдамасы ақылды тақта, экрандар, әлемнің кез келген нүктесінен интернетке кіру сияқты заманауи технологиялардың пайда болуына әкеледі. Осы технологиялардың әрқайсысы контентті әзірлеу, оны жеткізу және өзектендіру процесін жаңаша құруға мүмкіндік береді. Оқыту тек аудиторияда ғана емес, үйде де, кез-келген жерде де мүмкін болады. Білім беру процесін байланыстыратын негізгі элемент — белсенді білім беру контенті болып табылады, оның негізінде уақыт пен кеңістік шектерін алып тастауға мүмкіндік беретін бірыңғай репозиториялар құрылады. Интерактивті тақталарда жұмыс істеу кезінде білім алушылардың назарын аудару оңайға соғады, оқу материалдарын тез қабылдайды. Нәтижесінде әрбір студенттің оқу үлгерімі артады. Смарт технологиялардың қалыпты өмір жағдайына сіңісіп кетуіне муниципалды және жоғары білім беретін оқу ордаларында өткізілетін «информатика», «АҚТ» сияқты пәндер негіз бола алады. Мысалы: соңғы жылдары елімізде еңгізіліп жатқан балл қою системалары. Оқушы немесе студент болсын кез келген уақытта, қай жерде екендігіне қарамастан өз үлгерімін телефон арқылы көре алады. Оған қоса, өзге пәндерге қарағанда уақытты тиімді пайдаланып, үнемдеуге болады. Ол дегеніміз — қандайда бір ақпаратты кітапханаға бармай-ақ, онлайн түрде интернет арқылы алуға мүмкіндік жасалған деген сөз. Осыдан біршама жыл бұрын студенттер ауыр әрі ескі кітаптармен оқыса, бүгінде желіден әрдайым жаңартылып отыратын нұсқасын жүктеп ала алады.

SMART білім беру өзгермелі әлем жағдайында тұлғаның даму деңгейін көтеріп, мүмкіншіліктерін кеңейтуге жағдай жасайды. Халықтың әлеуетін арттырып, сауатын ашуға таптырмас құрал. Смарт технологиялардың өмірге келуімен көптеген жаңа мамандықтар пайда болды, мыңдаған адамдар жұмыспен қамтылды, бәсекеге қабілеттілік артты. Елдің әл-ауқатын көтеріп, саналы ұрпақ тәрбиелеу үшін ең алдымен сапалы білім керек. Қысқа уақыт ішінде зор жетістіктерге жетіп, алдыңғы қатарлы, алпауыт Сингапур, Корея сияқты мемлекеттердің қатарында тұрғымыз келсе смарт технологиялардың жаңа мүмкіншіліктерімен танысқан жөн. Сонда затымызды емес, миымызды сататын деңгейге жетеміз.

Менің ойымша, SMART-технологияларды пайдалана отырып материалды түсіндіру мұғалімге жеңілрек және қызықты болып табылады. Тақтадағы мұғалімнің іс-әрекеті

тіпті сабаққа деген ынтасы төмен оқушылардың өзін тартып әкетеді, мұндай сабақтарда олар ештемеге алаңдауға шамасы келмейді. Интерактивті тақта сабақтың қарқынын жеделдетуге және бүкіл сыныптың зейінін аударуға мүмкіндік береді.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.